



БҰЙРЫҚ

01.09.2022 ж

Есбөл ауданы

ПРИКАЗ

№ 110

Есбөл ауданы

2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың тамақтану сапасының мониторингін жүзеге асыру бойынша комиссия жұмысын ұйымдастыру, мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу» қағидаларын (ҚР оқу-ағарту министрлігінің 10.08.2022ж. №359 “Орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы” бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізу бұйрығына сәйкес аз қамтылған, жетім, жартылай жетім 1-11 сынып және 1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында ыстық тамақпен қамтылуға жататын оқушыларды анықтау комиссияның №1 хаттамасын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп бойынша 1-4 сынып және «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы бойынша 1-11 сыныптар арасындағы әлеуметтік нысан бойынша арнайы оқушыларға мектеп асханасынан тамақ беру 2022 жылдың 2 қыркүйегінен бастап ұйымдастырылсын.

2. 2022-2023 оқу жылында тамақтану сапасын бақылау мақсатында келесі құрамда комиссия құрылып, бекітілсін: (қосымша №1)

3.Мектеп оқушыларына ыстық тамақтың дұрыс ұйымдастырылуына комиссия мүшелері жауапты болып танылсын және тоқсан сайын ақпарат түрінде рәсімдеп педагогикалық кеңестің қаралуына ұсыну мектептің әлеуметтік педагогы А.Төреғалиеваға тапсырылсын.

4.Комиссия мүшелері бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес тамақтану сапасын бақылау мониторингісін жүргізсін. (күн сайын әзірленген дайын тамақтың сапасын тамақтың дайындалу кезіндегі тазалықтың сақталуы, оның бір қалыпты ыстық күйде болуы, тамақтың өлшемі мен дайындалу технологиясы бекітілген ас мәзіріне сай болуы).

5.Мектеп оқушылары тізімдегі жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы, күнкөрісі төмен жанұяның балалары жеке кәсіпкер «Зерде» ұйымдастыруы арқылы күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларын сақтай отырып, мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылсын (оқушылар тізімі қосымша №2)

6.Ыстық тамақты ұйымдастыру кезінде бір балаға 450 тг мөлшерінде тамақтандыруға жүйелі түрде бақылау қамтамасыз етілсін.

7.Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығына сәйкес мектеп асханасында дайындалатын ыстық тамақ сапасын, ас мәзірін және сақтауда тұрған ішкі тамақтың сақталуын қадағалау мақсатында бракераждық комиссия құрылсын. (қосымша №3)

8.Асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақытылы өтуін бақылау және күн сайын тағамның сапасына бағалау жүргізіп, санитарлық қағидалармен бекітілген нысан бойынша бракераж журналына жазба енгізу мектеп медбикесі Г.Нуримоваға міндеттелсін.

9. Осы бұйрықты басшылыққа алып, берілген жоспарға сай қаражатпен қамтамасыз етіп отыру мектеп бухгалтері Н.Аманғалиевқа тапсырылсын.

10.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директорының
уақытша міндетін атқарушы**



Э.Саликова

Э.Саликова

Есбол орта мектебінің
№ 110 санды « 01 » 09 2022 жылғы
бұйрығына қосымша №1
мектеп директорының
уақытша міндетін атқарушы
Саликова Э.Саликова

Мектеп бойынша 2022-2023 оқу жылында тамақтану сапасын бақылау мақсатында құрылған комиссия құрамы:

Комиссия төрағасы:

1. Э.Саликова – мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы;

Комиссия мүшелері:

2. А.Төреғалиева – мектептің әлеуметтік педагогы;
3. С.Қоржықбаева – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;
4. Г.Нуримова – мектеп медбикесі;
5. Р. Қыдырқызы – ана-аналар комитетінің төрайымы;
6. Ж.Сатқанбай – кәсіподақ комитетінің төрайымы;
7. М.Жакиев – “Қамқоршылық кеңес” төрағасы.

Есбол орта мектебінің
№110 санды «01» 09 2022 жылғы
бұйрығына №3 қосымша
мектеп директорының
уақытша міндетін атқарушы

Э.Саликова

Мектеп асханасында дайындалатын ыстық тамақ сапасын ас мәзірін және сақтауда тұрған ішкі тамақтың сақталуын қадағалау мақсатында құрылған бракераждық комиссия құрамы:

1. А.Төреғалиева –комиссия төрайымы, мектептің әлеуметтік педагогы;
2. С.Қоржықбаева – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;
3. Г.Нуримова – мектеп медбикесі;
4. А.Жусипбаева– ата-ана;
5. Ж.Сатқанбай – кәсіподақ комитетінің төрайымы.